

## Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық және оны өткізуге жәрдемдесу жөніндегі облыстық комиссияны құру туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімиятының 2004 жылғы 5 мамырдағы N 119/5 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 11 мамырда N 2448 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 563/12 қаулысымен.

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 563/12 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 наурыздағы "Ұлттық бірыңғай тестілеуді енгізу туралы" N 317 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық және оны өткізуге жәрдемдесу жөніндегі облыстық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын;
2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Қалалар мен аудандардың әкімдері ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық және оны өткізуге жәрдемдесу жөніндегі қалалық және аудандық комиссияларды құрсын.
4. Облыс білім департаменті Комиссияның дербес құрамын заңнамада белгіленген тәртіпте облыстық Мәслихаттың бекітуіне ұсынсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*

Облыс әкімдігінің  
2004 жылғы 5 мамыр  
"Ұлттық бірыңғай тестілеуге  
дайындық және оны өткізуге  
жәрдемдесу жөніндегі облыстық  
комиссияны құру туралы"  
N 119/5 қаулысымен  
бекітілген

**Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық және оны өткізуге жәрдемдесу жөніндегі облыстық комиссия туралы Ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық және оны өткізуге жәрдемдесу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) консультативтік- кеңестік орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2004 жылғы 13 наурыздағы "Ұлттық бірыңғай тестілеуді енгізу туралы" N 317 қаулысын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Негізгі міндеттері мен өкілеттіктері**

### **3. Мыналар :**

1) осы облыстағы ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі - ҰБТ) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысты бақылау;

2) ҰБТ-ты ұйымдастыруға және өткізуге қатысты мәселелер бойынша мүдделі органдар мен ұйымдардың іс-әрекетін үйлестіру Комиссияның негізгі міндеттері болып табылады.

### **4. Комиссия :**

1) ҰБТ өткізу орталықтары үшін қажетті үй-жайдың санитариялық нормалар мен қағидалар талаптарына сәйкес бөлінуін ұйымдастыруға;

2) бітірушілерін тестілеу пункттеріне дейін және кері қайтуда жол полициясы басқармасы инспекторларының еруімен тасымалдануды қамтамасыз етуге;

3) бітірушілерді ҰБТ өткізілетін аудандық орталықтар мен қалалардағы санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкес келетін үй-жайларда орналастыруға ;

4) бітірушілер тұратын үй-жайды қажетті қатты және жұмсақ мүкамалмен жабдықтауға ;

5) бітірушілер тұратын орындарда және ҰБТ өткізу пункттерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде облыс ішкі істер басқармасы, қалалар мен аудандардың ішкі істер бөлімдері қызметкерлерінің тәулік бойы кезекшілігін ұйымдастыруға қатысты мәселелерді шешеді.

### **5. Комиссия :**

1) бітірушілердің тамақтануын ұйымдастыруға;

2) тұрғылықты орындарда және ҰБТ өткізу пункттерінде медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға;

3) бітірушілер тұратын аумақтың және ҰБТ өткізу пункттерінің санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйіне;

4) балалардың ҰБТ тапсыру пункттеріне дейін және кері жеткізілу қауіпсіздігіне ;

5) балаларды тасымалдау үшін техникалық жарамды автобустардың бөлінуіне бақылау жасайды.

### **3. Комиссия органдары**

6. Облыс әкімінің орынбасары Комиссияның төрағасы, облыс білім департаментінің бастығы - төрағаның орынбасары болып табылады.

Төраға Комиссияның жұмысына басшылық жасайды, комиссия мәжілістерінде төрағалық етеді, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылау жүргізеді және Комиссия жүзеге асыратын қызметке дербес жауап береді. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын төрағаның орынбасары атқарады.

7. Комиссия төраға бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес жұмыс істейді.

### **4. Комиссияның құқықтары**

8. Комиссия өз міндеттеріне сәйкес:

1) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеуге және облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына енгізуге;

2) мемлекеттік және басқа ұйымдардан заңнамада белгіленген тәртіпте Комиссияның міндеттерін іске асыруға қажетті материалдарды сұрауға және алуға;

3) өз құзыретіне жатқызылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### **5. Комиссия қызметінің тоқтатылуы**

9. Комиссия өкілеттігінің мерзімі облыс әкіміне ұлттық бірыңғай тестілеудің ұйымдастырылу және өткізілу қорытындылары туралы есеп ұсынылғаннан кейін аяқталады.